ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕЙСЕНБІ, **20 АҚПАН**, 2024 ЖЫЛ **№21 (23 343)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Стоматологиялық көмек кімге тегін?

Стоматологиялық көмек – денсаулық сақтау саласындағы ең қымбат тұратын қызметтің бірі. Дерек бойынша балалардың 80%-ында тіс ауруы кездеседі екен. Көп ата-ана баласын дәрігерге тіс ауруы асқынған кезде ғана апарады. Себебі ата-аналар тістің жоспарлы профилактикалық тексерулері мен қажет болған жағдайда емдеу тегін екенін білмейді. 18 жасқа дейінгі балалар үшін шұғыл көмек көрсету – МӘМС пакеті мүмкіндіктерінің бірі.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суреттер ашық дереккөзден

Стоматологиялық көмек МӘМС пакеті аясында жоспарлы және шұғыл түрде 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдерге көрсетіледі. Сонымен қатар, шұғыл жағдайда тұрғындардың жекелеген санаттарына да көрсетіледі. Ол қатарға Ұлы Отан соғысы ардагерлері, 1, 2, 3 топтағы мүгедектігі бар адамдар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, жасы бойынша зейнеткерлер, инфекциялық, әлеуметтік мәні бар аурулармен және айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен ауыратын науқастар, мүгедектігі бар балаға күтім жасайтын және бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі бар балаға күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар, сондай-ақ, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар жатады.

Жоспарлы стоматологиялық көмек – ауыз қуысына, тіс пен қызыл иекке жасалатын ем-шара. Атап айтсақ, тұрақты тексерулер, профилактикалық процедуралар, сондай-ақ, тісжегіні емдеу, тіс тасын алу, химиялық қатайтылған композиттік материалдардан жасалған пломбаны дайындау және салу жоспарлы ем-шара ретінде саналады. Ал, шұғыл стоматологиялық көмек амбулаторлық деңгейде консультациялық-диагностикалық көмек түрінде де, стационарлық жағдайда да көрсетілуі мүмкін. Күрделі тісжегіні, пульпитті, периодонтитті, альвеолитті, невралгияны, невритті, стоматиттің ауыр түрлерін емдеу, тісті жұлу, абсцессті ашу, одонтогендік кистаны алып тастау, жоғарғы-төменгі жақ буынының орнынан тайып кетуін түзету, тістерді уақытша шинамен бекіту, қатерсіз өсінділер мен эпулисті алып тастау жағдайларында шұғыл көмек көрсетілу қажет.

Еріннің, тілдің жүгеншігі пластикасының операциясы да МӘМС қаражаты есебінен жүзеге асырылатынын айта кеткен жөн. Егер тексеру нәтижелері бойынша тіс дәрігері амбулаторлық жағдайда көмек көрсету мүмкін емес деген объективті шешім қабылдаса, ол науқасты емдеуден бас тартуға құқылы және оны жедел жәрдем арқылы ауруханаға жібере алады. Жедел госпитализацияның көрсеткіштері одонтогенді және одонтогенді емес созылмалы ауруларының қабынуы, өршуі немесе жақ-бет аймағының жарақаты, қан кету және шұғыл емдеуді қажет ететін шұғыл жағдайлар болып табылады.

– Стоматологиялық көмекті емханалардың стоматологиялық кабинетінен де, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан жеке стоматологиялық клиникалардан да алуға болады. Медициналық сақтандыру қорымен келісім жасаған стоматологиялық клиникалар тізімін қордың fms.kz ресми сайтындағы «Медициналық қызметтерді сатып алу – КДҚ жеткізушілер» бөлімінен көруге болады. Қарағанды облысы бойынша 44 стоматологиялық клиника қормен келісімшарт жасасқан. Оларда тексерілу үшін емханадан жолдама талап етілмейді. Биыл облыс тұрғындарына шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек көрсеу үшін МӘМС есебінен 1,6 млрд. теңге бөлінді, – дейді қордың Қарағанды облысы бойынша филиалы басшысы Фазыл Копобаев.

Оның айтуынша, тіс емдеуден бұрын аллергиялық сынаманы да тегін жасатуға болады.

– Егер медициналық көрсеткіш болса, аллергиялық сынама МӘМС есебінен төленеді. Тіс дәрігері берген консультативтік парақ болған жағдайда тіркелген жері бойынша учаскелік дәрігер қосымша тексерулерге жолдама бере алады. МӘМС шеңберінде аппликациялық, өткізгіштік, инфильтрациялық анестезия төленеді, – деп атап өтті ол.

Тісжегінің көптеген асқынулары бар 4 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ орталық жүйке жүйесінің функционалды және органикалық зақымданулары, психикалық, мінез-құлық бұзылыстары (белгіленген мүгедектік) және басқа органдар мен жүйелердің зақымдануы, асқынулар мен ауырсыну қаупі бар медициналық көрсеткіштер бойынша санация жалпы анестезия және седация қолданып жасалады. Ондай көмек анестезиология және реаниматологияның кіші түрі бойынша медициналық қызметке лицензияға қосымшасы және реанимациялық іс-шараларға арналған жағдайлар қарастырылған стоматологиялық ұйымдарда ғана жасалатынын білген жөн. Аймақта оны облыстық стоматологиялық клиникада ғана жасау мүмкіндігі бар.

• КӘСІБІҢ-НӘСІБІҢ

Өтеусіз грант – өркендеу өлшемі

Мемлекеттен өтеусіз грант алып, бизнес-идеяларын іске асырған қарағандылық кәсіпкерлер Астанада өткен көрмеде тауарларын ұсынды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының баспасөз қызметінің хабарлауынша, гранттар кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы бойынша халықтың әлеуметтік осал топтары үшін бизнес ашуға берілді. Оның көлемі – 400 айлық есептік көрсеткіш.

Жалпы, облыста өткен жылы 263 млн. теңгеге 212 грант берілді. Мемлекеттің қолдауын көпбалалы отбасылар мен мүгедек балаларды тәрбиелеушілер, мүмкіндігі шектеулі жандар пайдаланды.

Грант иегері Шахтинск қаласының тұрғыны Алексей Сборовский – III топтағы мүгедек. «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша тәлім алған ол зергерлік іс жобасын қорғады. Қаражатты шеберханаға қажетті құралдарға қолданып, бүгінде зергерлік бұйымдар сатумен айналысуда.

Ал, Лидия Лугманова мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отыр. Тігін студиясын ашып, үй киімдерін тігетін бірнеше адамды жұмысқа қабылдаған.

– Қолөнерге, тігіншілікке жақынмын. Тігіншілерден пайдалы нәрселер үйренуге болады. Ұлттық киім тігіп, ою, тастармен безендіруді, түрлі бас киім, сәукеле тігіп үйрену керек. Он саусағынан өнер тамған шеберлер қолынан шыққан бұйымдар талай үйлердің сәнін келтіреді. Тігін студиясын ашып, табыс табуға мүмкіндік бар. Әрине, оған үлкен тәжірибе жинау керек.

Тігін өнерінің де өзіне тән қызығы мен қиындығы бар. Тігін өнері адамды шыдамдылыққа, жауапкершілік пен тиянақтылыққа үйретеді деп жатады. Көп еңбекті қажет ететін болғандықтан, тіккен бұйымдарым әрқашан көңілге қуаныш сыйлағаны дұрыс, – дейді Лидия Лугманова.

• ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ

Үй саламын десеңіз...

Теміртауда жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін бөлуге өтінімдер қабылдау басталды. Он гектар жер қаланың оңтүстік-батыс бөлігінде кезекте тұрғандарға беріледі.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала бойынша кезекте барлығы 1943 адам бар. Алдағы 2-3 жылда 500-ге жуық учаске бөлу жоспарлануда.

– 2008 жылы жеке тұрғын үй құрылысы үшін 10-шы және 11-ші шағынаудандар аумағында қосымша алаңдар анықталды. Бірақ, ол уақытта ешқандай коммуникация желілері – электр қуаты да, су да жоқ-тұғын. Тиісінше, біз учаскелерді бөлген жоқпыз, – дейді Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімінің басшысы Ерлан Гомаров. Кезекте тұрғандар бізге, яғни, салалық бөлімге жүгіне алады. Оларға тиісті кеңес береміз, көмектесеміз. Жер учаскелерін

– Жақында осы шағынаудандарға коммуникациялар желілерін жалғап, ол аумақтарды коммуналдық кәсіпорындардың балансына бердік, осылайша болашақта учаске иелері техникалық шарттарды алады. Онда электр желілері, су құбырлары және табиғи газ 2026 жылы тартылмақ.

10 сотық жер алу үшін кезекте тұрғандар Теміртау жер қатынастары бөліміне жүгінуі қажет. Өтінім бергеннен және кезектілік ретін тексергеннен кейін қажетті құжаттарды рәсімдеп, геодезистердің көмегімен өз учаскелерінің шекараларын белгілей алады.

– Мұның бәрін «eGov.kz» платформасы арқылы онлайн режимінде жасауға болады. Ресімдегеннен кейін игеру мерзімі – үш жыл, – деп атап өтті Ерлан Гомаров.

Мұнымен бірге, Теміртауда саяжай учаскелеріне түгендеу амалдарын жүргізу көзделуде. Жұмыс арнайы әзірленген Жол картасы аясында жүргізіліп, саяжай қауымдастықтарында тәртіп орнатуға септеспек.

Жер учаскелерін бөлу және саяжай учаскелерін түгендеу туралы толығырақ мәліметті Теміртау қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімінің (8-7213) 93-11-10 телефоны арқылы немесе Теміртау қаласы, 6-шағынаудан, 14-үй мекенжайы бойынша анықтап білуге болады.

• ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Емдеу мекемелері – ел игілігіне

Басы ауырып, балтыры сыздаған адамның әуелі шипа іздеп, өзі тіркелген аумақтағы медициналық мекемеге жүгінері анық. Осы ретте мемлекет ауылдық аймақтардағы халықтың денсаулығын түзейтін мекемелердің жағдайына бірінші кезекте көңіл бөліп отыр. Жақында Ақтоғай ауданына қарасты Қызыларай ауылында акушерлік-фельдшерлік пункт пайдалануға берілді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты шараға жиналған ауыл тұрғындарының қарасы мол болды. Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде бірнеше денсаулық сақтау нысаны салынып, пайдалануға берілетінін және медициналық ғимаратпен толық қамтылатындығын жеткізді.

– Сіздерді медициналық нысанның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күнді ауыл тұрғындарының асыға күткені жасырын емес. Енді, ауыл тұрғындары осында ем қабылдап, денсаулығын нығайтады. Осындай акушерлік-фельдшерлік тіректер қажет. Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы өз Жолдауында әлеуметтік салаға үлкен мән беріп отыр. Соның ішінде, әсіресе, денсаулық сақтау саласына ерекше көңіл бөлініп келеді. Жаңа ғимарат халықтың игілігіне қызмет ете берсін! Мұнда жұмыс істейтін ақ халатты абзал жандардың жұмысына табыс, абырой тілеймін! – деді Руслан Кенжебеков.

Сонымен қатар, Қызыларай ауылындағы акушерлік-фельдшерлік пункттің ашылу рәсімінде зейнеткер Сатыбалды Шакиров пен көп жыл бойы денсаулық саласында қызмет атқарған Бақыт Изакова жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Ауыл денсаулығы» жобасы аясында биыл аудан бойынша жаңадан 9 нысанның құрылысы басталмақ.

Ақтоғай ауданы

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 483.00 ●**USD/KZT** 448.68 ●**RUB/KZT** 4.85 ●**CNY/KZT** 62.38

Қазақстан Ұлттық Банкінің 20 ақпан, 2024 жылғы дерегі бойынша

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Ел қорғаны ескерусіз қалмайды

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Ұлттық ұланның 6505 әскери бөлімінде болды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімін Ұлттық ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Сәкентай Шекарбеков бастаған бір топ сарбаз қарсы алды. Сәкентай Шекарбеков аймақ басшысын сарбаздар тыныс-тіршілігімен таныстырды.

– Біздегі сарбаздардың барлығы ыстық-суыққа, ауыр-жеңілге бірдей төселген. Оларға жүктелген міндеттер жауапты. Сондықтан, тәртіп те қатаң. Бүгінгі күні аймақтағы үш әскери бөлімнің қызметтік-жауынгерлік іс-қимылдары жоғары деңгейде, – деді ол.

Сонымен қатар, айдауылдау құрамасының қару-жарағы мен әскери техникаларын көрсетті. Бұл техникалар – жол таңдамайтын көліктер. Олар табиғаттың кез келген келеңсіздігінде жүре беретін көрінеді. Ал, қару-жарақка ұландар құштарлығы күшті дейді генерал-майор. Нысана көздеп, қару жинауда ұландықтар алдына қара салмайды екен. Сондай-ақ, облыс әкімі кездесу барысында әскери бөлім аумағында салынатын басқарма органдарына арналған ғимараттың жоспарымен танысты. Әрі нысанның қолайлы салынуына қатысты өз ұсынысын білдірді. Өңір басшысы бұған қоса бөлімшелерінің қысқы және жазғы жабдықтарының дайындығымен танысып, сарбаздардың асханасын да аралап өтті.

– Аймақта қызмет ететін әр әскери адамның міндеті қанша жауапты болса, оның жағдайы да соншалықты жасалуы міндет. Оның үстіне сарбаздардың Отан қорғауға қабілеттілігі – бұл жалпыға ортақ жүк. Сондықтан, оларға аймақ басшылығы тарапынан толық жағдай жасалуы керек, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Аймақ басшысы кездесу соңында жеке құрам жауынгерлеріне және олардың командирлеріне алғыс білдірді.

Сурет Ұлттық ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығынан алынды

• ДЕНСАУЛЫҚ

Өңірде қызылша жұқтырғандар көп

Зертханалық талдаулар нәтижесінде жыл басынан бері өңірде қызылшаның 705 жағдайы расталды. Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің дерегінше, ауырғандардың дені Қарағанды, Балқаш, Шахтинск қалаларында, Ақтоғай, Қарқаралы және Нұра аудандарында.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Аурудың жас құрылымында 14 жасқа дейінгі балалар басым, – дейді департамент басшысының орынбасары Гүлжан Байгутанова. – Балалардың үлесі – 67%. Олардың жартысы – 1-4 жас аралығындағы балалар. Ауру көбінесе екпе алмаған адамдар арасында тіркелуде. Бұл дегеніңіз – 87%.

Облыста қосымша жаппай иммундау шеңберінде 59 498 адам егілді. 6-11 ай аралығындағы балалардың саны – 4 669, 2-ден 4 жасқа дейінгі балалар – 35 690. Сонымен қатар, толықтыра иммундау аясында бұрын жоспарлы вакцинациялауды өткізіп алған 18 жасқа дейінгі 14 625 адам егілді.

– Ауру асқынса, науқастың көру, есту қабілетіне зиян келеді. Бауыр мен бүйректің жұмысы, иммунитет айтарлықтай бұзылуы мүмкін. Қызылша пневмония, бронхит, панэнцефалит сияқты аурулардың пайда болуына әсер етуі мүмкін. Қызылшаға қарсы екпе аурудың ауыр салдарынан сақтайды, – дейді Гүлжан Жақтайқызы.

Қарағанды облысында жыл басынан бері коронавирус инфекциясын 45 адам жұқтырған. Қаңтарда – 19, ақпанда 26 жағдайы тіркелді. Маманның айуынша, коронавирус қоздырғышы барлық жастағы адамдарға жұғуы мүмкін. Сондықтан, Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің қаулысына сәйкес халық көп жиналатын жерлерде маска тағу керек.

– Вирустық инфекциялар әдетте ауа тамшылары арқылы жұғады. Маска тақпаған адамдардан алыстау жүрген жөн.

Сол себепті де маска тағу – оларды жұқтырмаудың тиімді әдістерінің бірі, – дейді спикер.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Қарақұдықтағы қуаныш

Бұқар жырау ауданында медициналық мекемелер салып, халықтың игілігіне беру ісі биыл да жалғасуда. Өткен жылы ауданның Қызылжар мен Қызылқайың ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункттер қатарға қосылса, жуырда Қарақұдық ауылында да осындай нысанның құрылысы аяқталып, оның ашылу салтанаты өтті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарақұдықта болған рәсімде Бұқар жырау аудандық мәслихаттың төрағасы Асхат Әлиев құттықтау сөз сөйлеп, емдеу орнының лентасын Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары Арман Дардақов пен ауыл ақсақалдары Үсен Рахымберлин, Қабдолла Ахановтар қиды.

Бұрын аталған елдімекеннің тұрғындары ем-дом алып, дәрігерге қаралу үшін аудан орталығы Ботақара кентіне сабылатын болса, бұдан былай ол бейнеттен құтылды. Өйткені, «Ауыл – ел бесігі» жобасының аясында бой көтерген жаңа ғимараттың іші қажетті құрал-жабдықтармен, жиһаздармен, дәрі-дәрмектермен, білікті мамандармен қамтамасыз етілген.

Ал жуырда Ақтөбе және Қызылжар ауылдарында да осы үлгідегі пунктердің де ашылу салтанаты болады. Жалпы, биыл ауданның басқа да 13 өңірінде тағы да осындай медициналық мекемелердің құрылысы басталады.

Бұқар жырау ауданы

Суреттер ұйымдастырушылардікі

• САЙЛАУ – 2024

Алты әкім сайланды

Қарқаралы ауданы бойынша Қарқаралы қаласы, Егіндібұлақ, Қ.Аманжолов, Балқантау, Томар және Угар ауылдық округтерінің әкімдерін сайлау өтті. Қарқаралы аудандық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде сайлау қорытындысын жариялады.

Қарқаралы қаласының әкімі болып сайлаушылардың басым көпшілігінен дауыс алған Аслан Рахимұлы Рахимбергенов сайланды. А.Рахимбергенов 1985 жылы туған, уақытша жұмыссыз, Қарқаралы ауданы, Балқантау ауылының тұрғыны. «AMANAT» партиясы ұсынған.

Егіндібұлақ ауылдық округінің сайланған әкімі – Бейбіт Айтмағанбетұлы Төлекеев, 1969 жылы туған, «Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-нің бөлім басшысы, Егіндібұлақ ауылының тұрғыны. Өзін-өзі ұсынған.

Ал, Қ.Аманжолов ауылдық округінің әкімі болып Ербол Исатайұлы Жоламан сайланды. 1982 жылы туған, «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ, маман. Қарқаралы қаласының тұрғыны. «AMANAT» партиясы ұсынған.

Балқантау ауылдық округінің сайланған әкімі – Ерсайын Саянұлы Қобыланды, 1994 жылы туған, «Қарқаралы ауданының жастар ресурстық орталығы» ММ-нің директоры. Қарқаралы қаласының тұрғыны. «AMANAT» партиясы ұсынған.

Томар ауылдық округінің әкімі қызметіне Нұрсылан Рысбекұлы Жағыпаров қайта сайланды. 1990 жылы туған, бұған дейін де Томар ауылдық округінің әкімі болған. Томар ауылының тұрғыны. «AMANAT» партиясы ұсынған.

Угар ауылдық округінің жаңадан сайланған әкімі – Жанат Рымханұлы Әкімов. 1967 жылы туған, «Рымхан» шаруа қожалығының жетекшісі. Қарқаралы ауданы Матақ ауылының тұрғыны. Өзін-өзі ұсынған.

Халық сенім артқан жаңа әкімдер осы аптада қызметке кіріседі.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ
Қарқаралы ауданы

• КЕЗДЕСУ

Кәсіпкерлерге қолдау зор

Қарағанды облысы аумағында мемлекеттік қолдау шаралары мен проблемалық мәселелерді талқылау үшін кәсіпкерлермен кездесулер өткізілуде. Аймақтық кәсіпкерлер палатасы, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы басқармалары, қаржы институттары өкілдерінің қатысуымен көшпелі топтар Ақтоғай ауданының Приозерск және Балқаш қалаларында болды.

Алдағы уақытта басқа да қалалар мен аудандарды қамту жоспарланып отыр.

– Мұндай кездесулердің негізгі мақсаты – кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау бағдарламалары туралы кеңірек ақпарат беру. Қолайлы инвестициялық климат құру. Сондай-ақ, бұл өзекті мәселелер туралы ұсыныстар жинау үшін ашық пікірталас мүмкіндігін туғызу, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

Спикерлер заңнамаға енгізілген өзгерістерді түсіндіреді және қаржы ұйымдары мен институттарының жұмыс нәтижелері туралы есеп береді. Кәсіпкерлердің жұмыспен қамту бағдарламалары, гранттық қаржыландыру, салық, жер қатынастары мәселелерін бағытында сауалдарына жауап алуға мүмкіндігі бар.

Өз тілшімізден

• ӨНДІРІС – ӨМІР ӨЗЕГІ

Кәсіпорын қуаты артады

Шет өңіріндегі елге әйгілі «Nova Цинк» кәсіпорынының қуаты артып келеді. Ақжал кенішінен мырыш пен қорғасын кенін өндіретін кәсіпорын қанаты кеңейіп, бүгінде ақжалдықтардың басым бөлігі тау-кен саласында еңбек етуде. Жақында Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров, аудан прокуроры Елдос Жаппар, мәслихат төрағасы Саят Социал және ауданның бөлім басшылары Ақжал кентінде болып, «Nova Цинк» кәсіпорынында болып, ұжымымен кездесті. Кездесуде аудан әкімі кәсіпорын басшысы болып жуырда тағайындалған Айдар Жангелдиновті қызметімен құттықтап, алдағы жұмыс жоспарымен бөлісті.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиын барысында кәсіпорын тарапынан жұмыскерлерге жасалып отырған әлеуметтік қолдау мен еңбек жағдайларымен танысып, алдағы уақытта аудан әкімдігі мен кәсіпорынмен екеуара ынтамақтастық аясында атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттары белгіленді.

Жаңа басшының айтуынша, жалпы кен орнындағы жұмыскерлердің жұмыс жасауына тиісті жағдайлар жасалған. Шахтадан жылына 1,5 миллион тонна кен шығады. Бұл кеннен 95 мың тонна көлемінде мырыш алынады. Ақжал мырышы Лондон биржасында жоғары бағаланады. 99,99 пайыз сапасына ие. Бүгінде компанияда 1088 адам жұмыс істейді. Кадр таңдауда жергілікті тұрғындар арасынан алуға айрықша назар аударады. Техникалық маман дайындауға жіті көңіл бөлінеді.

– Жұмысшылардың алаңсыз қалыпты еңбек етуімен қатар, тұрмыс жағдайларын одан әрі жақсарту, кен орнының материалдық-техникалық базасын кеңейту мәселелері алдағы уақытта да жалғасын табады. Биыл әкімдік пен кәсіпорын арасындағы өзара келісім аясында кәсіпорын қаржысына елдімекенді абаттандыру, кенттегі әлеуметтік маңызы бар нысандарды жаңғырту, басқа да игі істерді қолға алу жоспарда бар. Алдағы уақыттарда кен қазу аумағын ұлғайту, байыту саласының қуатын арттыру көзделіп отыр, – деді «Nova Цинк» кәсіпорынының басшысы Айдар Жангелдинов.

Сонымен қатар, кездесуде кентке жоғары білімді дәрігер маманның қажеттілігі туралы сауал жолданды. Аудан әкімі бұл мәселе аудандық орталық аурухана мекемесі арқылы жақында оң шешімін тауып, тұрақты бір дәрігер келетінін және ол маман тұрғын үймен қамтылатынын атады. Бұдан бөлек, басқа да қойылған сауалдарға жауаптар берілді.

Айта кетейік, Шет ауданында жер қойнауы түсті және сирек кездесетін металдарға бай. Бүгінде осы қазба байлықтарын игерумен «Nova Цинк», «Бапы-Майнинг», «Метал Терминал Сервис», «Крамдс-Кварцит» және Алмалы кен орнындағы «Sary-Arka Resources Capital» ЖШС-і сияқты ірі кәсіпорындар шұғылданып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін жақсартуға ықпал етуде.

Шет ауданы

Суретті түсірген **автор**

Еңбеккер мүддесі лайықты қорғалады

Қарағанды облысының Кәсіподақ орталығының басшысы Болат Жұмабековтің төрағалығымен Қарағанды облысы мен Ұлытау облысының салалық және жергілікті кәсіподақтарының аумақтық құрылымдары өкілдерінің Үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Өңірдің кәсіподақтар көшбасшылары Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Бас кеңсесінің 2024 жылғы 31 қаңтардағы отырысының қорытындыларымен танысып, алдағы кезеңге жоспарларын белгіледі. Болат Жұмабеков әріптестеріне ҚРКФ қызметінің негізгі бағыттары туралы айтып берді.

Сурет ашық дереккөзінен

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«ҚРКФ Бас кеңесінде Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин атап өткендей - кәсіподақ қызметінің маңызды бағыты еңбекшілердің қауіпсіз еңбекке құқықтарын сенімді қорғауды қамтамасыз ету болып қала береді. 2023 жылы Қарағанды облысында 130 жазатайым оқиға орын алып, 233 адам зардап шекті.

Өкінішке орай, біз 66 адамнан айырылдық. Ұлытау облысы бойынша 2023 жылы 46 жазатайым оқиға болды, оның ішінде, ҚРФФ кәсіподақ ұйымдары бар кәсіпорындарда 3 жазатайым оқиға, зардап шеккендердің 59 адамның 3 кәсіподақ мүшелері, ал, қаза тапқандар 7 адамның екеуі ҚРКФ құрамына кіретін кәсіподақ мүшелері.

«Қазақстан» және Костенко атындағы шахталардағы оқиғалар көптеген салаларға тән проблемалық мәселелердің кең спектрлерін ашты. Жыл сайынғы талдау қорытындысы бойынша өндірістік жарақаттанудың негізгі себептері өзгеріссіз қалады, бұл – жұмыс өндірісін, қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етпеу және жабдықтарды кезең-кезеңімен жаңартудың қанағаттанарлықсыздығы», – деп атап өтті Кәсіподақтар орталығының төрағасы.

Ол есепті жыл ішінде Кәсіподақтар федерациясы 2030 жылға дейін Қазақстан Республикасында қауіпсіз еңбек Тұжырымдамасын әзірлеуге тікелей қатысқанын еске салды. ҚРКФ-нан жобаға 20-дан астам ұсыныс енгізілді, олардың бір бөлігі 2023 жылғы 26 желтоқсанда Үкімет бекіткен тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында да көрініс тапты. Сондай-ақ, Кәсіподақтар федерациясының ұсынысы бойынша өткен жылы қабылданған Әлеуметтік кодекске еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы мөлшерін 25 АЕК-ке дейін ұлғайту туралы тармақтар енгізілді және платформалық жұмыспен қамту бөлігінде мәселе реттелді.

«2023 жылғы 21 желтоқсанда еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын адамдарды әлеуметтік қорғау туралы Заңға қол қойылды. 55 жасқа толған адамдарға арнайы әлеуметтік төлем енгізілді (кемінде 84 ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары болған және еңбек қызметі тоқтатылған жағдайда). Ол біздің өңірлеріміздің қызметкерлеріне де қатысты», – деді Болат Жұмабеков.

Оның айтуынша, өткен жылы Кәсіподақтар федерациясының халықаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша жұмысында белгілі бір жетістіктерге қол жетті. 2023 жылдың 12 айында мүшелік ұйымдардың 130-дан астам өкілі кәсіподақ қызметі бойынша 24 халықаралық іс-шараға қатысты. Халықаралық еңбек ұйымымен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Астана мен Шымкентте екі өңірлік конференция өткізді.

«2023 жылы қазақстандық кәсіподақтар тарихында тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин Бүкілеуропалық аумақтық кеңестің (ХКК БЕАК) вице-президенті болып сайланды, сондай-ақ, ҚРКФ басшылығы ХКК БЕАК-нің басқарушы органдарының құрамына кірді, бұл еуропалық кәсіподақтар тарапынан бізге деген сенім мен танудың жарқын айғағы болып табылады. Сонымен қатар, өткен жылы Кәсіподақтар Федерациясы Орталық Азия елдерінің кәсіподақтар кеңесіне төрағалық етті. Кәсіподақтар федерациясының Халықаралық қызметіндегі тағы бір маңызды оқиға 2023 жылы штаб-пәтері Анкарада орналасқан түркі мемлекеттерінің кәсіподақтар ұйымының бес елінің ұлттық кәсіптік орталықтарының құрылуы болды. ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы осы Ұйымның Бас хатшысы болып сайланды», – деді кәсіподақтар көшбасшысы әріптестеріне.

Үйлестіру кеңесінің отырысы барысында ОАЕКК Жастар кеңесінің төрағасы болып ҚРКФ жанындағы «Келешек» Жастар кеңесінің басшысы Аян Сәлімгереев сайланды, оның мүшелері Павлодар және Қарағанды облыстарынан келген жас әріптестер – Гүлзира Атабаева мен Аймира Баграмова болды.

2023 жылы «Білім беру марафоны», Кәсіподақ көшбасшысы мектебі, «Кәсіподақ десанты» және «Жалпы құқықтық оқыту» оқыту жобалары шеңберінде Қарағанды облысында 27 семинар (2715 адам), Ұлытау облысында – 7 семинар (432 адам) өткізілді.

Болат Жұмабеков сондай-ақ, 2024 жыл ҚРКФ Бас кеңсесінің шешімімен «Лайықты еңбек жылы» деп жарияланғанын және ҚРКФ Төрағасының кәсіподақ қауымдастығының алдына қойған міндеттерін – кәсіподақтың барлық мүшелері үшін жалақы мен әлеуметтік кепілдіктердің нақты өсуіне қол жеткізу; заң шығарушы билік органдары қабылдайтын актілерге белсенді ықпал ету; қызметкерлердің мүддесі үшін тиімді әлеуметтік әріптестікті қамтамасыз ету; кәсіподақ ұйымының саналы кәсіподақ мүшелігі; басшылар мен мамандардың жоғары кәсіби кадрларына ие болу; мықты қаржылық базаға ие болу екенін атап өтті.

Биыл кәсіподақтар әлеуметтік әріптестермен бірлесіп, Қазақстанда лайықты еңбек стандарттарын белсенді түрде ілгерілетіп, еңбек саласындағы негізгі қағидаттар мен құқықтарды іске асыру мақсатында елдегі әлеуметтік әріптестікті нығайту; лайықты жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейту; еңбек жағдайлары мен әлеуметтік қорғауды жақсарту сияқты негізгі бағыттарға баса назар аударуы тиіс.

Қарағанды облысында және Ұлытау облысында 2023 жылғы кәсіподақ қызметін жан-жақты талқылау нәтижесінде мынадай мәселелер бойынша алқалы шешімдер қабылданды: 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді; Павлодар облысының әріптестерімен тәжірибе алмасуды ескере отырып, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу саласындағы Медиацияның жалпы курсы ұйымдастырылады; Қарағанды облысының әкімі, облыстық кәсіподақтар (қызметкерлер) бірлестіктері және жұмыс берушілер бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған Облыстық келісімге ұсыныстар туралы; кәсіподақ мүшелерінің Ютубтағы ҚРКФ арнасына, инстаграмдағы парақшаларға жазылуы, әлеуметтік желілердегі ақпараттық жұмысты жандандыру туралы.

Талқылауға көмір және металлургия өнеркәсібі, денсаулық сақтау, оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері кәсіподақтарының, құрылыс кешені мен ТКШ, кәсіпкерлік және кооперация, мемлекеттік органдар мен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық филиалдарының төрағалары белсенді қатысты. Ноян Бидайбаев, Жеңісбек Медебаев, Юрий Литвинов, Евгений Буслаев, Абай Сабденов, Виктор Щетинин, Алмагүл Рақышева, Айқын Ахметов, Дархан Джузбаев, Вера Бородина, Татьяна Пурясева және Татьяна Шатохина белсене атсалысты.

Реформа – өміршең өзгерістер

● МӘСЕЛЕ

Бұқара бұралқыдан запы болды

Бүгінде шағын шаһарда иесіз жүрген ит көп. Көшені кезіп, ауланы аралап жүрген иттер тұрғындар үшін қауіпті тіршілік иесі атанып отыр. Қазір кездескен адамнан естітініміз – қаңғыбас иттен қорыққан ағайынның арызы. Олардың көзін жояйын десе, құзырлы органдар «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңнан қорқады. Ветеринария саласы мамандары ұстаған қаңғыбас иттерді жуындырып, екпе салып, тазалап, қайтадан ұстаған жеріне әкеліп тастауға мәжбүр. Екпеден итке ес кірмейді. Қабаған ит қабуын тоқтатпайды. Былтыр Балқашта 100-ге жуық адамды ит қапқан. Залал келтірген иттердің 41-інің иесі анықталған. Бұл туралы баспасөз мәслихатында «Балқаш қалалық ветеринарлық стансасы» КМК директоры Ардақ Аманқұлов мәлімдеді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің мекеме иесіз ит пен мысықты жою жұмысымен айналысады. Бірақ, барлығы заң аясында. Иттерді аулау туралы бұрынғы заң күшін жойды. Тұрғындар тарапынан көп арыз-шағым түсіп жатыр. Біздің мекемеге өткен жылы тұрғындардан 283 шағым, жыл басынан бері 13 шағым түсті. Бұрынғы ескі заңның ережелеріне сүйеніп жұмыс жасасақ, прокуратура жазаға тартады. Сондықтан, екі ортада қалып тұрмыз. Осыны тұрғындар түсінсе дейміз. Елге түсінікті болу үшін айта кетейін, жаңа заң бойынша «Ит-мысықтарды асырау және серуендету қағидалары, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидалары деген сөздер» «Үй жануарларын ұстау және серуендету қағидалары, жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидалары» деген сөздермен ауысқан. Сол себепті, қазіргі кезде қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жұмыстары тоқтап тұр. Бұралқы иттер мен мысықтар бойынша бес бағдарлама бар. Мемлекеттік сатып алу аясында уақытша ұстау бойынша конкурс жеке ойнатылып, бір компания ұтып алды. Бір өкініштісі, ұтып алған компания итті аулауға үлгермейді немесе конкурста жеңімпаз атанғандар бұл шаруадан бас тартып, жұмысқа кедергі жасау жағдайлары да кездесті. Ал, мемлекеттік сатып алу тәртібі осылай болғандықтан, біз ешқандай амал қыла алмаймыз. Біз үшін малды емдеу, түрлі ауруларға профилактикалық шаралар жүргізу жұмыстары да жетіп жатыр, – дейді Ардақ Аманқұлов.

Балқаш қалалық ветеринарлық стансасының мал дәрігері Самат Молдабековтің айтуынша, 80 мың тұрғыны бар Балқаш қаласында бұрындары жыл сайын 2 мың ит пен мысық жойылған. Қазіргі кезде «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң шыққалы қалада қаңғырған иттер көбейген.

– Біз иттерді оқпен емес, дәрімен атамыз. Бір жағы бұл қиындық туғызады. 15-20 метрге дейін таяп барып ату керек. Оқдәріні пайдаланудың да әртүрлі өлшемі болады. Дәрі дозасын аз пайдалансаң, біраз уақытқа ғана ұйықтайды. Дәрімен атып ұйықтатқаннан кейін иттер мен мысықтарды арнайы орынға жеткіземіз, – дейді Самат Молдабеков.

Жақында 4-сыныпта оқитын қыз бала иттердің қоршауында қалған. Шашубай кентіндегі орта мектептің оқушысына абырой болғанда өтіп бара жатқан адамдар көмекке келіп, аман қалған.

– Балам қорқып, шыңғырып, қолындағы пакеттермен қорғанған. Сонда да аяғынан тістеп алыпты. Қайта тісі батпаған. Қатты қорқып, маған дереу қоңырау шалды. Алдынан шығып күтіп алдым. Осы мәселені көтерсе деп ойлаймын. Жалғыз балаларды ғана емес, үлкендерді де қабады емес пе? Баламды талап тастап, жазым етуі мүмкін еді ғой, – дейді оқушының анасы Айман Жағыпарова.

Иттерден малдар да зардап шегіп жатыр десек, таңдай қағатындар табылуы мүмкін. Жыл басында қорадағы қойын түз тағысы жарып кетпесін деп көзінің қарашығындай қорғап жүретін тұрғындардың қаңғыбас иттерден зардап шеккенін айтып отыр. Қала маңында жан бағып отырған азаматтардың төрт түлігін иттер жарып кеткен.

Ветеринария мамандарының мәлімдеуінше, қараусыз жүрген иттер адамдардың, балалардың өміріне, олардың мүліктері мен ұстап отырған үй жануарларына үлкен қауіп төндіруде. Иттер адам денсаулығына зиян келтіретін аса қауіпті аурулардың тасымалдаушысы, оны жұқтырушысы болып келеді. Көшеде қарғы баусыз, иесіз жүрген иттер қаңғыбас иттер болып саналады. Тұрғындар арасында асыраған иттерін жөнді қарамай, байламай, далаға қаңғытып жіберетіндер де бар. Тастанды күшіктер өсе келе бұралқы итке айналып, қоғамға қауіп төндіруде. Жауапты мамандар бала ойнайтын аулаларда ит қыдыртып жүретіндердің де қылығы дұрыс емес екендігін сөз етті. Алайда, арнайы итпен қыдыратын орын болмағандықтан, оларға шектеу қоя алмайтындарын айтады. Айтпақшы, аулаға қойып автобуста да иттерін қолтықтап алып жүретіндер бар. Санитарлық талап дегенді сақтап жатқан олар жоқ.

Ересектер түгілі балаларды талап жатқан қаңғыбас иттер туралы қоғамда жиі айтылып жүр. Ит иелерінің жауапкершіліктен жалтаруы да талай рет талқыланды. Бірақ, шыққан нәтижені көрмедік. Қаңғыбас иттер мәселесі қала түгілі, еліміз үшін өзекті проблемаға айналғалы қашан?!

БАЛҚАШ

Сурет **автордан**

● РЕСМИ

Сыртқы саудада өсім бар

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы облыстың Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен өзара сауда ынтымақтастығының барысы туралы ресми мәлімдеме тарады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Былтырғы қаңтар-желтоқсанда Қарағанды ЕАЭО арасындағы өзара сауда көлемі 2764,8 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл өткен ұқсас кезеңдегі көлемге 95,1%.

Тауар экспорты 2022 жылғы қаңтар-желтоқсан айларымен салыстырғанда 3,1%-ға өсім көрсетіп, 1678,5 млн. АҚШ долларын құрады. Өңірдің ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда айналымы жалпы көлемінде басым үлес Ресей Федерациясына тиесілі – 93,2%. Одан кейінгі орында Қырғызстан Республикасы – 3,5% болса, Беларусь Республикасы – 3,1, Армения Республикасы – 0,2%-ды еншіледі.

Экспорт құрылымында темірден жасалған тегіс илек ЕАЭО елдеріне экспорттың жалпы көлеміне – 60,9% мырыш кені мен концентраты – 3%, таскөмір кесекшелері, қатты отынның осы сынды өзге де ұқсас түрлері – 2,9%-ға басым түскен.

Импорт құрылымында қара металдан жасалған бұйымдар ЕАЭО елдеріне импорттың жалпы көлеміне – 9,7% пластмасса мен одан жасалған бұйымдар – 6,4% үстем. Тауарлардың қалған түріне жалпы импорттың 4,7%-дан 0,01%-ға дейін келеді.

Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№59

«Жезқазған қалалық сотында Исмаиль Исмаилович Асадуллаевтың, Жезқазған қаласы, Комбинатский пос., Жездинская көшесі, 38 үй, 3 пәтер тұрғыны, арызы бойынша 1948 жылдың 12 наурызында туылған, Исмаил Ислам Оглы Асадуллаевты хабарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қозғалған.

Исмаил Ислам Оглы Асадуллаевтың жүрген жері туралы мәліметтері бар барлық адамдарға бұл туралы осы жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Жезқазған қалалық сотына хабарлау ұсынылады».

№65

● ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ ЖУРНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫНА – 30 ЖЫЛ

Білім ордасының биік белесі

1993 жылы Қазақ ұлттық университетінен кейін Қарағанды Бөкетов университетінде журналистика бөлімі ашылды. Кафедраның негізін қалаушы – М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Зарқын Тайшыбай. Содан бері осы мамандықтан екі мыңға жуық маман түлеп ұшып, еліміздегі жетекші бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек етіп жүр. Кафедра мерейтойының аясында университетте біршама игі бастамалар қолға алынды. Солардың бірі – «Медиабілім беру бағытындағы журналистика және PR» форумы. Қарашаңырақ филология факультетінде ұйымдастырылған іс-шараға факультеттің 1998-2023 жыл аралығында бітірген түлектері, әр жылдары кафедрада қызмет еткен оқытушылар құрамы бас қосты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шараның ашылу салтанатына облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов те шараға арнайы қатысып, осы салада жүрген үздік журналист-түлектерді тілге тиек етті.

– Осы кафедраның түлектері тек өңірде ғана емес, республика бойынша еңбек етуде. Есімдері белгілі. Одан бөлек, шет елде қызмет істеп жүрген түлектеріміз де жоқ емес. Осының бәрін саралай келе кафедра мамандарының біліктілігін, деңгейін көруге болады. Баршаңызды осы бір атаулы мерекемен құттықтаймын, – деді Нұрлан Рахметуллаұлы.

Сонымен қатар, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма төрағасы – ректор Нурлан Дулатбеков сөз сөйлеп, «Buketov Radiosын» бас ғимараттан филология факультеті ғимаратына көшіру жайлы жаңалығымен бөлісті.

– Университет түлектері мен студенттері арасындағы байланысты нығайту – біздің басты мақсат. Мақсатымыз журналистика кафедрасының 30 жылдық мерейтойында іске асып отыр. Айта кетейін, жақында кафедра түлектерінің бірі шетелден біздің университетке сәлем жолдады. Ол өзінің университет қабырғасында алған білімінің нәтижесінде үлкен жетістіктерге жеткен. Сондай қуанышты жаңалығымен бөлісіп, университет ұстаздарына алғысын білдірді. Әрине, түлектерімізден осындай жылы лебіз есту – біз үшін үлкен сый. Біз әрқайсыңызбен мақтанамыз.

Өткен жолы студенттердің арасында біреуі тұрып, «Бізде жұмыс істеп тұрған «Buketov Radioc» неге Бас ғимаратта тұр? Бұл – журналистер үшін үлкен тәжірибе алаңы. Сондықтан, бұл оларға жақын орналасуы керек» деп ұсыныс айтқан еді. Сонда мен студенттердің өз ойын ашық әрі еркін жеткізе алатынына қуандым. Кейін осы мәселені қарап, радионы филология факультетінің ғимаратына көшіруді құп көрдік, – деді Нұрлан Орынбасарұлы.

Бүгінде журналистика және қоғаммен байланыс мамандықтарында оқитын білім алушыларға екі профессор, екі қауымдастырылған профессор және бір PhD доктор сабақ береді. Одан бөлек, тәжірибелі

аға-оқытушылар мен бұқаралық ақпарат құралдары саласында қызмет істейтін білікті мамандар да дәріс оқиды. Студенттердің шығармашылығын шыңдау мақсатында оқу телевизиясы мен Buketov радиосы, «Жастар әлемі» журналы жұмыс істеп тұр. Осы жерде студенттер теориялық білімін практикамен ұштастырып, тәжірибе жинауда.

– Совет уақытында Қазақстандағы университеттерде журналистика мамандығы атымен болмаған. Ал, Мәскеу университеттеріне бұл мамандық 1943 жылдары кірген. Содан 1993 жылы Қазақ ұлттық университетінен кейін Қарағанды Бөкетов университеті журналистика мамандығын ашу бақытына ие болды. Осы кафедраны ашу кезінде сол жылдары ректор болып тұрған реформатор Жамбыл Ақылбаев менен: «Сен не оқытасың?» деп сұраған еді. Мен: «ҚазГУ-де оқытпаған дүниені оқытамын» дедім. Өте білімді кісі еді, сөзге келмеді. Қолымен алдында жатқан қағазды нұсқап: «Министрлікке хат жаз» деді. Сөйтіп, журналистика кафедрасын ашып, оны екі тілде оқытатынымыз жайында министрлікке хат жолдадым. Кафедра ашылғаннан кейін студенттерді қабылдау, оларға грант тағайындау, курстан курсқа көшу мәселесін өзіміз шешкен болатынбыз, – деді Зарқын Тайшыбай.

Форумға «Alatau – Aqparat» медиахолдингінің бас директоры әрі кафедра түлегі Ержан Төлек те арнайы қатысты. Әрі осы бір атаулы күні «Alatau – Aqparat» медиахолдингі Е.Бөкетов университетімен екіжақты меморандумға қол қойылды. Енді факультеттің «Журналистика» және «Қоғаммен байланыс» мамандығының студенттері «Almaty Aqshamy» медиахолдингі құрамындағы «Алматы ақшамы», «Вечерний Almaty» басылымдарында және медиахолдинг сайтынан өндірістік іс-тәжірибеден өте алады.

– Қазіргі уақытта журналистер ұлттық журналистикаға, ақпараттық саясаттың қалыптасуына, мемлекеттік сананың орнығуына өздерінің қалам қарымымен табысты еңбек етеді. Әріптестеріміз Қазақстанда ғана емес, шет мемлекетте де жемісті қызмет етуде. Журналистика саласында ғана емес, мемлекеттік қызметте, бұқарамен байланыс, үкіметпен байланыс саласында да еңбек етіп жүрген әріптестеріміз жетерлік. Біз әрқашан Бөкетов университеті журналистика кафедрасының түлегі екенімізді мақтанышпен айтып жүреміз. Алдағы уақытта да осы қарашаңырақта өз ісінің нағыз шебері атанатын, білімді де білікті мамандар шығатынына сеніміміз мол, – деді Ержан Қалымбайұлы.

Шараға жиылған түлектер ұстаздары, университет қабырғасындағы қызықты жылдар жайлы жылы естеліктерімен бөлісті. Ардагер ұстаздар Қуандық Шамахай, Мағауия Сембай, Кәрім Сауғабаев, Мартбек Тоқмырза сынды тұлғаларды еске алды.

Шара барысында қатысушыларға журналистика кафедрасының тарихы жайында әзірленген қысқаметражды фильм көрсетілді. Кейін форумға қатысушылар үш секцияға бөлініп, белгілі журналистер мен PR-мамандарының дәрісін тыңдады. Онда журналистика теориясы мен практикасы, медиаэтика және басқа да өзекті тақырыптар сөз болды.

Суреттерді түсірген
Гүлнар ШОМЕНОВА

● ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Ұландықтар жеңіс тұғырында

Петропавл қаласы 6637 әскери бөлімінде Ұлттық Ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қазақ күресінен біріншілігі өтті. Айтулы доданы 6637 әскери бөлімінің командирі Ғалымжан Кибаев ашып берді.

Үш күндік додада спортшылар бар күш-жігерін, айла-тәсілдерін паш етіп, жеңіске деген құлшынысын көрсетті.

Теміртау қаласының 5516 әскери бөлімінен келген қатардағы жауынгер Ернар Ізімбергенов 82 келі салмақта I орынды, 60 келі салмақта Есен Мадияр мен 74 келіде күрескен Жасұлан Хамзин II орынды иеленді.

Төрешілердің шешімімен Ернар Ізімбергенов наурыз айында Өскеменде өтетін Ұлттық Ұлан чемпионатында «Орталық» өңірлік қолбасшылығының намысын қорғайтын болды.

● ФУТБОЛ

Жеңіліс жеңіске бастайды

«Шахтер» клубы Түркиядағы оқу-жаттығу жиынында екі жолдастық кездесуін өткізді. Башқұртстан астанасының «Уфа» командасынан 0:3 есебімен жеңілсе, «Волга» командасымен (Ульяновск) өткен ойынды 0:0 есебімен аяқтады.

Ресей чемпионатының Премьер-лигасында және Европа лигасының Еурокубоктарында өнер көрсеткен уфалық футболшылар жерлестерімізге еш мүмкіндік қалдырмады. Құрама капитаны Михран Агеян дубль жасаса, шабуылшы Расул Гыстаров ойынның нүктесін қойды.

Жаңа ойыншылар бейімделу үстінде. Қорғаныстан біраз қате кеткенін байқадық.

«Волга» клубымен өткен кездесу тартысты болды. Мұнда екі жақтың күші тең түсті. Ойында есеп ашылмады.

● БАЙҚАУ

Сәнгерлер салтанаты

Теміртаулық Siluet сән агенттігінің ұйымдастыруымен қаланың мәдениет сарайында «Алтын жіп – 2024» XI республикалық сәнгерлер мен дизайнерлер байқауы өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәстүрге айналған байқауда өзінің жеке сән үлгісін Қарағанды облысы және елордадан жиналған 11 дизайнер ұсынды. Ал, сылқым сәнді дизайндегі өзгеше образдарды 3 жастан 20 жасқа дейінгі модельдер киіп, көрермен алдына шықты.

– Сән бұл қай заманда болсын қалмайтын, ескірмейтін өмір ағынының бір бөлшегі. Адам бар жерде сән де бар. Дәл осындай жобалар көптеп өтсе екен дейміз, – дейді қала тұрғыны Александра Еремеева.

Ортаға шыққан образдың барлығы дерлік көз жауын алардай. Алайда, арасында көрермендер көзайымына айналған астаналық Венера Райымқұлованың жеке топтамалары. Оның ұсынған киім үлгілері мықты, стильді және батыл әйелдерге арналған киімдер.

Қазір заманауи әйелдер әрдайым алда келеді. Кәсіпте болсын, отбасында болсын табысты. Соның нәтижесінде неге сол батыл әйелдерге арналған топтама ұсынғым келді, – деді Венера Райымқұлова.

Ал, қарағандылық сәнгер Надежда Шлотгауэр кішкене балалардың топтамасын ұсынды. Бүгінгі күні балалардың да өз киіну стилі қалыптасқан. Надежда жылы әрі спалы киімді көзге де көрнекі етуге тырысқан.

Байқау қатысушыларының ұсынған жұмыс нәтижелері қазылар алқасын таң қалдырды. Сол себепті олар сайыс жеңімпазды анықтай алмады. Осыған сай барлық қатысушыларға Гран-при табысталды.

– Әсерім өте зор. Нағыз сән мерекесі болды. Осы жолы мәдениет сарайында LED-экрандар орнатылып, көрермендер барлық коллекцияларды жақсы көре алды. Өткен жылы біз Қазақстанда және таяу шетелде сән апталығына қатыстық. Соның нәтижесі айтарлықтай көрінді. Жинаған барлық тәжірибемізді дефилемізге енгізіп жатырмыз, – деді байқаудың ұйымдастырушысы, Siluet fashion-агенттігінің басшысы Марина Миронова.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

● КӨРМЕ

Өнерге адал жанның өлмес мұрасы

Облыстық бейнелеу өнері музейінде Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері Мыңғыш Әбілқасовтың мемориалдық көрмесі ашылды. Көрме барысында дарынды суретшінің ғұмыр жолы баяндалған «Өнерім – менің өмірім» кітабы таныстырылды. Тағылымды шараны музей ұжымы мен суретшінің ұлы бірге ұйымдастырыпты.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрмеге Мыңғыш Әбілқасовтың туғантуыстарының коллекциясынан, сонымен қатар, суретшінің жарты ғасырлық шығармашылық жолын қамтыған бейнелеу өнері музейінің қорынан 70-тен астам картина қойылған.

– Көрме Мыңғыш Әбілқасовтың туғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырылған. Онда әр түрлі жанрдағы жұмыстар, соның ішінде, графика мен мүсін ұсынылған. Сондай-ақ, біз «Өнерім – менің өмірім» кітабы хақында айттық. Онда біздің мұражайда сақталған суретшінің 19 туындысы, отбасылық коллекциядан алынған картиналар және олардың сипаттамасы, фотосуреттері, әріптестерінің естеліктері бар. Мыңғыш Әбілқасов Қарағандының ғана емес, жалпы Қазақстанның бейнелеу өнерінің дамуына зор үлес қосты. Ол түс таңдау шебері, әдемі портретші, – деді мұражай директорының орынбасары Мейрамгүл Елубаева.

Мыңғыш Әбілқасов 2013 жылы «Шерубай-Нұра» картинасын салып жатқан кезде қолында қылқаламын ұстап тұрған күйінде бақиға аттанған екен. Оның соңғы онжылдықтағы жұмыстарының басты бағыты портреттер мен пейзаждар болды. Портреттерде суретші сыртқы ұқсастықты емес, адамның рухани әлемінің негізін іздегенін айтады өнертанушылар.

– Оның әрбір шығармасында терең ой мен көркемдік бірегейлік бар. Жұмыстың негізгі тақырыптары – табиғат, қазақтардың рухани өмірі мен тарихы. Ол портреттегі адамның мінезін дәл жеткізе білуімен ерекшеленді, – деп атап өтті педагог және өнертанушы Жүрсін Балкенов.

● СПАРТАКИАДА

Қысқы ойындар қорытындыланды

Облыс аумағындағы қалалар арасында Теміртауда өткен «Ақ қыс – 2024» және аудандар арасындағы «Қарлы қыс – 2024» қысқы спартакиадасы мәреге жетті. Қорытындыда Қарағанды қаласы мен Абай ауданының командалары жеңімпаз атанды.

«Қарлы қыс» спартакиадасы аудандар арасында 34-ші рет, «Ақ қыс» спартакиадасы қалалар арасында 21-ші мәрте өткізіліп отыр.

Екі күнге созылған жарысқа 500-ге жуық облыс тұрғыны қатысты. Олар президенттік көпсайыс, шаңғы жарысы, конькимен сырғанау және шайбалы хоккей сынды спорт түрлерінен бақ сынасты.

Қалалар арасында I орынды – Қарағанды, II орынды – Теміртау, III орынды – Шахтинск қаласының спортшылары иеленді. Ал, аудандар арасындағы Абай спортшылары көш бастаса, кейінгі сатыларға Осакаров және Нұра ауданының спортшылары жайғасты.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер ашық дереккөзден

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 457

№ 21 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Аяулым СОВЕТ**